# Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 18 қыркүйек N 1349. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.10.30. N 1466 қаулысымен. ~P971466

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін: "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 ақпандағы N 167 P960167_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 7, 42-құжат):

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Бюджеттік банкінің қызмет көрсетулеріне ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады";

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 P960790_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):

аталған қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі 21-реттік нөмірден кейін мынадай мазмұндағы тараумен толықтырылсын:

" Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

| | | |
|---|---|---|
| 21 а) | "мемлекеттік Бюджеттік банк" мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында) | Алматы қаласы" |

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК